

**8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау**  
**(6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша**  
**философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған**  
**Жумаш Жанара Еркиновнаның «Сауат ашуға үйрету үдерісінде**  
**болашақ бастауыш сыйнып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін**  
**қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына**  
**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p>	<p>Қазақстан Республикасы Үкіметі 2021 жылғы 12 қазанда бекіткен ««Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеті койылып, соган сәйкес Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі қазіргі уақытта болашақ педагогтерді кәсіби даярлауды жақсартудың жаңа жолдарын қарқынды іздеуде.</p> <p>Үкіметтің білім беру саласындағы заңдары мен нормативтік құжаттарында бұл бағыттағы стратегиялар әр уақытта белгіленіп көрсетіліп келеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «білім беру жүйесін дамытудың басымдығы» айқын белгіленіп, «білім мен ғылым жүйесін одан әрі дамытуға және жетілдіруге бағытталған инновациялық әдістерді, оқыту технологиялары мен зерттеулерді әзірлеуге, сынақтан өткізуге және ендіруге катысуы» туралы көрсетілген.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  3) Диссертация Қазақстан</p>	<p>Ж.Е.Жумаштың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.</p>

		<p><u>Республикасының Үкіметі</u> <u>жанындағы Жоғары</u> <u>ғылыми-техникалық</u> <u>комиссия бекіткен ғылым</u> <u>дамуының басым бағытына</u> <u>сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	
2.	Ғылымга маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u>/коспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаган.</p>	<p>Зерттеу жұмысы бастауыш білім беру ғылымының дамуына <u>елеулі үлес қосады</u>. Оның ішінде бастауыш білім беру пәндерін оқыту әдістемесінің мазмұнын толықтырады.</p> <p>Қазіргі қоғамның талаптарына сайнап ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу мен оны тәжірибеде жүзеге асырудың мазмұны мен әдістемесінің жеткілікті дәрежеде жасалмaganдығы белгілі. Осылан орай орындалған зерттеу жұмысы теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы, педагогикалық шарттарының анықталуы, құрылымдық-мазмұндық моделінің құрылымдалып, әдістемелік жүйесінің жасалуы арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін даярлауда елеулі үлес қосып, білім беру жүйесінде маңызды екендігін көрсетеді. Сондықтан зерттеу жұмысының маңыздылығы ашилған және сайнап ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру аясында жүргізелетін зерттеулердің іргелі негізі бола алады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>жоғары</u>;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаган</li> </ol>	<p>Докторант <u>Ж.Е.Жумаштың</u> орындалған ғылыми зерттеу жұмысы дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәлімет беруді көзделген. Диссиденттың зерттеу жұмысын өзі <u>жазу деңгейін жоғары</u>, барлық талданған акпараттар түсінікті <u>әрі мағыналы құрылымды</u> сақтаган.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>негізделген</u>;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Қазіргі қоғам сұранысының талаптарына сайнап ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігінің болуы қажеттігі мен</p>

		<p>оның <b>ғылыми-педагогикалық негізделуінің жеткіліксіздігі;</b> болашақ бастауышсынып мұғалімінің креативті құзыреттілігін педагогикалық жогары оқу орындарында жүзеге асырудың әдістемесінің болмауы; болашақ бастауышсынып мұғалімінің креативті құзыреттілігін <b>қалыптастырудың қажеттілігі</b> мен оның моделінің жасалмауы арасындағы қарама-кайшылықтарды жою диссертацияның ғылыми және қолданбалы аспектілердегі <b>өзектілігін негіздейді.</b></p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды;</u></p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындаамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын <b>толық көлемде айқындаиды.</b> Зерттеу жұмысының материалдары зерттеу болжамын, жетекші идеяны көрсетеді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u></p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсат пен міндеттері диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның мақсаты сауда ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауышсынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін <b>қалыптастыруды</b> теориялық-әдіснамалық негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеруді орындаумен <b>сәйкес келеді.</b> Зерттеудің <b>міндеттері</b> қойылған мақсатты нактылай келе, сауда ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауышсынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін <b>қалыптастырудың</b> теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаумен; болашақ бастауышсынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін <b>қалыптастырудың</b> педагогикалық шарттарын анықтаумен; сауда ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауышсынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін <b>қалыптастырудың</b> құрылымдық-мазмұндық моделін жасаумен; сауда ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауышсынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін <b>қалыптастырудың</b> әдістемелік жүйесін жасаумен, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар</p>

			арқылы тексерумен, ғылыми тұжырымдалған ұсыныстар берумен сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен күрілісі логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен күрілімы логикалық толық байланысқан, ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алғынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Автор алған нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады. Ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, анықтаушы және қалыптастыруши эксперименттердің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Саут ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары; оның құрлыымдық-мазмұндық моделі мен әдіstemелік жүйесі; тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Бұғынгі күнге дейін болашақ мамандардың креативтілігін қалыптастыру мәселесі аясында шет елдік галымдар арасында көптеген іргелі зерттеулер жүргізілген. Диссертант осы зерттеулерді терең және толық талдай білді. Зерттеу барысында автор теориялық және практикалық тұрғыда маңызды болып табылатын ғылыми нәтижелер алған және олар <b>толығымен жаңа</b> болып табылады. <i>1-нәтиже – жаңа.</i> Саут ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдіstemелік аспектілері бойынша талданды және әдіснамалық негіздерін айқындауда аксиологиялық,

мәдениеттаннымдық, антропологиялық, гуманистік, синергетикалық, герменевтикалық тұғырлар басшылыққа алынды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың мәні мен құрылымын анықтауда: «*креативтілік* – жеке тұлғаның шығармашылық өнімді әрекетін көрсететін, адамның мотивациялық бағыты мен зияткерлік мүмкіндіктерінің, ізгілік қасиеттерінің бірлігін анықтайтын сапалар»; «*креативті құзыреттілік* – болашак маманың ерекше сенімділікпен жаңашылдық идеяларды ойлап табуы және оларды ерік-жігері арқылы өз тәжірибесінде қолдануы», «*болашақ бастауыш сынып мұғалімінің, яғни қазіргі студент тұлғасының креативті құзыреттілігін қалыптастыру* – бұл оның жогары кәсіби білім алу үдерісіне және болашақтағы мамандығына терең жауапкершілік сезімімен қарап, оған дайындық барысында өзінің санаасынан резерв-ресурстарды табуы және оларды өмірдегі, кәсібіндегі туындаған жағдаяттарға орнымен, дұрыс шешім шығатындағы етіп қолдану траекториясы» деп нақтыланды.

2-нәтиjие – жаңа. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың шарттары: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің болашақ кәсібінде өзінің креативті құзыреттілігін жүзеге асыруға, өзін-өзі дамытуға, шығармашылық қабілеті мен дағдыларын педагогтік қызметінде жарқын келбетте көрсетуге деген үмтілісі, кәсіби-шығармашылық қызмет ету қажеттілігі» деп анықталды; сауат ашу үдерісі барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыдан қамтамасыздандыратын «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» элективті курсын әзірлеу және оку үдерісіне ендіру; сауат ашу үдерісі барысында болашақ бастауыш сынып

		<p>мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастыруды әдістемелік тұргыдан қамтамасыздандыратын әдістемелік жүйе құру және оны жүзеге асыру; болашақ бастауыш сынып мұғалімінің сауат ашу үдерісіндегі әрбір сабакты, сабактан тыс іс-әрекеттер жүйесін дайындауга және өткізуге дайын болуы деп көрсетілді.</p> <p><i>3-нәтижесе – жаңа.</i> Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрайтын тұжырымдамалық, технологиялық, өлшемдік блоктар мен мотивациялық-мақсаттылық, гносеологиялық және праксиологиялық компоненттері, соган сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштер, ете жоғары, жоғары, орташа, төмен деңгейлері анықталды.</p> <p><i>4-нәтижесе – жаңа.</i> Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі: «Бастауыш сынып оқушыларына арналған креативті тапсырмалар кешені»; «Креативтік тұргыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» оку-әдістемелік құрал дайындалды, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденді.</p>
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<p>Ж.Е.Жумаштың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнның сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйеслі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен <b>толығымен жаңа</b> болып саналады.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары деп төмендегілерді айтамыз:</p> <p><i>Бірінші қорытынды</i> қазіргі білім беру жүйесінің жұмысын реттеуге арналған мемлекеттің стратегиялық даму бағдарламалары мен нормативті құжаттарға жасалған талдаулар негізінде сауат ашуға үйрету үдерісінде</p>

болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі дәлелденуі толығымен жаңа болып табылады.

*Екінші қорытынды* бойынша мәселеге қатысты теориялық еңбектерге жасалған талдаулар «креативтілік», «креативті құзыреттілік» ұғымдары мен «саут ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» түсінігінің мәні мен құрылымын түзуге мүмкіндік берді деп нақтылануы **толығымен жаңа** болады.

*Үшінші қорытынды* ретінде саут ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық әлеуеті анықталды. Ол жүйенің құрамында студенттің осы көздел отырған мақсатқа сай терең білімі, оның түрлі ғылыми-әдістемелік ұғымдар мен ой операцияларын жасай білу дағдылары, шыгармашылық әрекетке жетелеп, ынталандырып отыратын ішкі когнитивтік, ерекше шешімдер іздел таба білуге деген белсенділік, мотивациялық, айрықша идеяларды нақты саут ашуға үйрету үдерісінде қолдана алуды, өзінің креативті шыгармашылық іс-әрекетіне өзі рефлексия жасай білуі сияқты көрсеткіштер орын алатыны нақтылануы **толығымен жаңа** болып табылады.

Авторлың диссертациялық жұмысындағы *төртінші қорытынды* креативті тапсырмалар кешені дамытушылық, танымдық, тәжірибелік мақсатты орындауды, соның негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға қызмет етеді. Дамытушылық мақсаты анықтаушы, бағдар беруші қызмет атқарып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға оқынушы тиғизеді. Танымдық мақсаты студенттердің

креативті, шығармашылық тәжірибесінің кең арналы болуына қызмет етіп, «Әліппені» оқытудың жаңа креативті тәсілдерін танып-білуге бағыт береді. Тәжірибелік мақсат тұргысынан алатын болсақ, ол болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «Әліппені» оқытудың түрлі ішкі тақырыптары негізінде жаңа креативті нәтижелерге қол жеткізіп, «шығармашылық әдістемелік өнім» жасап дағдылануына бағытталады ұсынылуы **толығымен жаңа болады**.

Жұмыстың *бесінші қорытындысы* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мақсатын ерекше орында қараша арқылы оған қол жеткізетін оқыту әдістерін, оқыту формаларын, креативті іс-әрекеттердің түрлерін женілден ауырға қарай жүргізе отырып үйрету педагогикалық шарттың мотивациялық-тұлғалық, теориялық қырлары арқылы жүзеге асты. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне сауда ашудың әдістемесін менгерту барысында креативті құзыреттілігін қалыптастыруға тірек болатын әдістер мен тәсілдердің, олардың біртұтас әдістемелік жүйесін құру және іске асыру әдістемелік, практикалық шарттар арқылы жүзеге асуы **толығымен жаңа болады**.

Алтынши қорытынды зерттеу барысында дайындалып, тәжірибеден өткен құрылымдық мазмұндық модельдің стратегиялық мақсаты – сауда ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін дайындау үдерісінің компоненттері мен көрсеткіштерін айқындау, әдістері мен деңгейлерін белгілеу. Әдіснаманың аксиологиялық, мәдениеттанымдық, антропологиялық, гуманистік, синергетикалық, герменевтикалық тұғырлары мен ізгіліктілік, диалогтық ұстанымдарды басшылыққа алынған және мотивациялық-мақсаттылық,

		<p>гносеологиялық, праксиологиялық компоненттерден тұратын бұл құрылымда зерттеу мәселесін шешудегі әлеуетін толық пайдалану арқылы болашақ педагогтердің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мүмкін болатындығы <b>толығымен жаңа болып саналады</b>.</p> <p><i>Жетінші қорытынды</i> Сауат ашуды оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемелік жүйесі өзара біртұтастықта танылады және іштей байланысқан келесі құрылымдардан тұрады: сауат ашуды оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтік құзыреттілігін қалыптастыруғағылыми тұрғыдан келу жолын анықтап берген теориялық-әдіснамалық негіздері, теориялық тұғырларға сүйеніп анықталған сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың моделі, элективті курс пен креативті тапсырмалар кешені әзірленген әдістемелік жүйесі. Бұл құрылымдар өзара логикалық байланыса келе, зерттеу жұмысының қазақстандық білім беру жүйесінің алдына қойып отырган, қоғам қажет етіп отырган талаптармен үндесе отырып, зерттеудің алдына қойылған болжамын растауға, міндеттерін шешуге, нәтижесінде көздеңген мақсатына жетуіне қызмет ететін тіректер болып табылатындығы <b>толығымен жаңа болып саналады</b>.</p> <p><i>Сегізінші қорытынды</i> тәжірибелік-эксперименттік жұмыс негізінде сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың элективті курс бойынша оқу бағдарламасы мен креативтік технологиялық қамтамасыз етілуі, диагностикалық құралдары, түрлі креативтік технологиялар бойынша іріктелінген арнайы креативті тапсырмалар кешені сауат ашуды оқытуды жоғары тиімділікпен</p>
--	--	---

			<p>ұйымдастырып өткізудің негізгі тірері бола алатыны дәлелденді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері ЖОО маман даярлаудың дәстүрлі құрылымын езгертуге, инновацияга негізделген жаңа үлгілері мен нұсқаларын жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сыйналған педагогикалық-әдістемелік шарттарды басқа да пәндерді оқыту арқылы студенттің болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде педагогтік креативтілігін дамыту бойынша одан эрі жалғастыра беру мүмкіндіктері бар. Өйткені тек сауат ашуға үйрету үдерісінде ғана болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативтілігін қалыптастыруға болады деген кесімді ой туындауы тиіс. Осы зерттеу жұмысы бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісіндегі барлық пәндерді оқытуға негіз қалау мүмкіндігі бар екендігіндігі <b>толығымен жаңа болып саналады</b>.</p>
5.	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	<p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автордың ұсынған сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-тәжірибелік негізі <b>толығымен жаңа</b> және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Зерттеу қорытындыларының негізділігі теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық, педагогикалық және психологиялық әдебиеттердің алған түрлілігімен, диссертация мазмұнының зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттеріне жарамдылығымен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерін сапалы және сандық талдаудың үйлесімімен, сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі қалыптастыру бойынша әртүрлі</p>

			әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етілді.
7.	Көргауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>дәлелденді</u>;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) <u>жоқ</u></li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>ия</u>;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) <u>кен</u></li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>ия</u>;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>1.Бірінші қағида бойынша «креативті құзыреттілік – болашақ мамандың ерекше сенімділікпен жаңашылдық идеяларды ойлап табуы және оларды ерік-жігері арқылы өз тәжірибесінде қолдану». «Саят ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру – бұл оның жогары кәсіби білім алу үдерісіне және болашақтағы мамандығына терең жауапкершілік сезімімен қарап, оған дайындық барысында өзінің санасынан резерв-ресурстарды табуы және оларды өмірдегі, кәсібіндегі туындаған жағдайларға орнымен, дұрыс шешім шығатындей етіп қолдану траекториясы».</p> <p>Саят ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда аксиологиялық, мәдениеттанымдық, антропологиялық, гуманистік, синергетикалық, герменевтикалық әдіснамалық тұғырлары мен креативті орта, креативті оқу үдерісін құру, креативті өнім алу мақсаттылығы, креативті педагог тұлғасын дамыту, креативті педагогикалық рефлексия, креативті тұрғыдан жайлыш атмосфера құру, креативті трансформация және генерациялау ұстанымдары басшылыққа алынады.</p> <p>Қағида дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы <b>кен</b> және «Научные подходы к развитию креативной компетентности будущих учителей начальной школы в процессе профессиональной подготовки» (Theoretical and practical aspects of modern scientific research: Collection of scientific papers «ΛΟΓΟΣ» with Proceedings of the I International Scientific and Practical Conference (Vol. 2), Seoul, April 30, 2021. Seoul-Vinnytsia: Case Co., Ltd. &amp; European Scientific Platform, 2021. -91-94) атты</p>

		<p>мақаласында дәлелденген және көрініс тапқан.</p> <p>2. Екінші қагида бойынша педагогикалық шарттар – «сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауышсынып мұғалімдерінің креативті күзыреттілігін қалыптастыруды мотивациялық-тулғалық, теориялық, әдістемелік, практикалық түрғыдан қамтамасыздандыратын іс-шаралардың жиынтығы» деп қагида дәлелденген және негізделген, <b>тривиалды емес</b>, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы <b>кең</b> және «Креативтік түрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы. (Алматы, 2022. – 120 б. (Қосалқы автор: Жұмабаева Ә.Е.).оқу-әдістемелік құралында көрініс тапқан.</p> <p>3. Ушінші қагида сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауышсынып мұғалімдерінің креативті күзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі тұжырымдамалық, технологиялық, өлшемдік блоктар мен мотивациялық-мақсаттылық, гносеологиялық, праксиологиялық компоненттерінің бірлігін, оған сәйкес мотивациялық-ерік-жігерлілік, когнитивтік-интеллектуалдық, оперативті-технологиялық, өлшемдерін, оның тәмен, орта, жоғары, өте жоғары деңгейлері бол табылатын пассивтік, белсенділік, шығармашылық, жасампаздық түрлерін құрайды. Қагида дәлелденген және негізделген, <b>тривиалды емес</b>, болашақ бастауышсынып мұғалімдерінің креативті күзыреттілігін қалыптастыруда қолданылу деңгейі <b>кең</b>, «Креативность будущих учителей начальных классов как научный конструкт» (Педагогика и психология. Серия «Педагогика және психологияның әдіснамасы мен теориясы, №4 (37).– Алматы: КазНПУ имени Абая, 2018. – С. 24-31, Жұмабаева Ә.Е.) мақаласында дәлелденген.</p> <p>Төртінші қагида болашақ бастауышсынып мұғалімдерінің креативті күзыреттілігін қалыптастыруға</p>
--	--	--

			<p>бағытталып ұсынылатын әдістемелік жүйе: «Бастауыш сынып окушыларына арналған креативті тапсырмалар кешені»; «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» оку-әдістемелік құралы, дәстүрлі және инновациялық әдістері студенттердің өз ішкі мүмкіндіктерін, креативті әлеуетін жетілдіруге, шығармашылық мүмкіндіктерін іске асyrуга деген ішкі ұмтылышын, мотивациясын дамытуға мүмкіндіктер ашады. Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда қолданылу аясы кең, «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» оку-әдістемелік құралы. (Алматы, 2022. – 120 б. (Қосалқы автор: Жұмабаева Ә.Е.) оку-әдістемелік құралында, Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастыру» (Хабаршы// «Педагогикалық ғылымдар сериясы, №4 (64).– Алматы: КазНПУ имени Абая, 2019. – С. 283-288). мақаласында дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок	Зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың (тұғырлар: аксиологиялық, мәдениеттанымдық, антропологиялық, гуманистік, синергетикалық, герменевтикалық; ұстанымдар: (креативті орта, креативті оку үдерісін құру, креативті өнім алу мақсаттылығы, креативті педагог тұлғасын дамыту, креативті педагогикалық рефлексия, креативті тұрғыдан жайлы атмосфера құру, креативті трансформация және генерациялау) жиынтығы болып таблады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің казіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау	Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені қолданылған. Теориялық әдістер (философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік зерттеулер мен ғылыми енбектерге талдау, жинақтау, жүйелуе, салыстыру, контент талдау, педагогикалық модельдеу,

		<p>әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иа;</u> 2) жок</p>	<p>күрылымдау, ассоциациялау);</p> <p>эмпирикалық әдістер (сауалнама, бақылау, тестілеу, креативті тапсырмаларды талдау, езіндік бағалау, алынған сандық, сапалық нәтижелерге математикалық статистикалық талдау жасау);</p> <p>эксперименттік зерттеуде алынған мәліметтерді сандық талдау әдістері, нәтижелерді өндеудің математикалық әдістерін қолдану.</p>
		<p>8.3           Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занұлықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иа;</u> 2) жок</p>	<p>Теориялық қорытындылар, зерттеудің әдіснамалық тұғырлары, саят ашуға үрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі қалалыптастыру әдістемесі, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған, ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша 9 мақала Scopus базысының журналында (37 процентиль), ҚР БжФМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда, Қазақстан Республикасында және шетелде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында жарияланып, ЖОО студенттеріне арналған 1 оқу-әдістемелік күрал, бастауыш сынып оқушыларына арналған 1 тапсырмалар кешені жарық көрген.</p> <p>Ж.Е.Жумаштың диссертациясындағы эксперименттік-тәжірибе жұмысына 160 студент алынды. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 130, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті осы мамандықта оқып жатқан 30 студент қатысты. Олардың 79-ы – бақылау тобы, ал 81-і – эксперименттік топ.</p>
		<p>8.4           Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын өзекті және сенімді дереккөздер саны – 196.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар: 1) ия; 2) жоқ	<p><b>Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы</b> бар. Атап айтсақ:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық негіздеуде «креативтілік», «креативті құзыреттілік» ұғымдары мен «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» түсінігі нақтыланып, әдіснамалық тұғырлары және ұстанымдары айқындалады;</li> <li>– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары түзіліп, білім алушылардың жеке тұлғалық және кәсіби қырларының сипатталуы, креативті білім берудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері, дидактикалық тұрғыдан креативті әлеуеті сипатталады;</li> <li>– сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың күрылымдық-мазмұндық моделі дайындалып, өлшемдік, технологиялық, тұжырымдамалық блоктардан тұратын мотивациялық-мақсаттылық, гносеологиялық, практиологиялық компоненттердің өлшемдері мен көрсеткіштері іріктеліп, өте жогары, жогары, орташа, төмен деңгейлері анықталады.</li> </ul>
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жогары: 1) ия; 2) жоқ	<p><b>Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы</b> сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі – «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» оку-әдістемелік күралы, «Бастауыш сынып оқушыларына арналған креативті тапсырмалар кешенінен» тұрады.</p> <p>Зерттеудің нәтижелерін бастауыш білім</p>

			беру мамандарын даярлайтын педагогикалық колледждерде, ЖОО-да «Әліппені оқыту әдістемесі» пәнін оқытуда және білктілікті арттыру жүйесінде колдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылайжана (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жаңаемес (25% кем жаңаболыптабылады)	Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар <b>толығымен жаңа</b> болып табылады. -болашақ білім беру педагогтерінің креативті күзыреттіліктерін калыптастыруды әдістемелік жұмыстың басты бағыты ретінде қарастырып, жоғары педагогикалық оку орындары оқытушыларымен арнағы дайындықтар үйімдастыру; -жүрізілген ғылыми-зерттеуіміздің негізінде дайындалған «Креативтік түргыда саяут ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» атты элективті курс пен әдістемелік жүйені болашақ бастауыш білім беру педагогтеріне дәріс окуда, семинар сабактарын өтуде пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру. Аталған зерттеу нәтижелері болашақта жоғары педагогикалық оку орындарында мамандар даярлау мәселе сіне арналған жұмыстарды жетілдіруге және осы бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге негіз бола алады
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы <b>жоғары</b> . Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

**Қорытынды:** 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша докторант Жумаш Жанара Еркиновнаға философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындау.

Ресми рецензент,  
педагогика ғылымдарының кандидаты,  
Адамның үйлесімдердамуындастырылтық  
институтының жетекші ғылыми қызметкері

P.O. Изгұттынова



Кириллица мен латын тәсілдері  
жетекші мақом *Хасан С.Сатханов*